Оқушы білімін тексеру.

Операциялық жүйе дегеніміз не? Не үшін қажет ?

Жауабы

Жүйе параметрлерін баптау үшін шақырылатын терезе ?

Жауабы

Windows операциялық жүйесіндегі маңызы зор буфер ?

Жауабы

Проводник дегеніміз не?

Жауабы

1-тапсырма.
Басқару панелін пайдаланып күн мен уақытты баптау.

2-тапсырма.
Басқару панелін пайдаланып жұмыс үстелінің фонын баптау.

3-тапсырма.
Басқару панелін пайдаланып пернетақтаның жұмыс режимін баптау..



Тақырыбы:
Антивирустар.

Сабақтың мақсаты.

- **Білімділік:**

  Оқушыларды “Антивирус” ұғымымен, негізгі қызметімен таныстырып, жұмыс істеу ережесін меңгерту.

- **Дамытушылық:**

  Компьютерлік вирустар туралы түсінік бере отырып, ой-өрісін дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

- **Тәрбиелік:**

  Оқушыларды жан-жақты болуға, компьютерлік сауаттылыққа, іздемпаздыққа тәрбиелеу.

Армысыздар оқушылар! Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы “Антивирустар деп аталады. Өмірдегі сияқты “компьютер әлемінде” де көп кедергілер кездеседі.Сабақ барысында компьютерлік вирустар жайлы мәлімет аламыз.Ал антивирустар арқылы компьютер әлемін вирустардан қалай қорғайтындығы туралы өтеміз.Сіздерге сәттілік тілей отырып сабағымызды бастайық.Іске сәт!

Сабағымызды бастамас бұрын компьютерлік вирустардың анықтамасына тоқталайық.

- Компьютерлік вирус – арнайы жазылған шағын көлемді программа.Ол өздігінен басқа программалар соңына немесе алдына қосымша жазылады да, оларды “бүлдіруге” кіріседі, сондай-ақ компьютерде тағы басқа келеңсіз әрекеттерді істеуі мүмкін.Ішінен осындай вирус табылған программа “зақымдалған” немесе “бүлінген” деп аталады.

Вирустардың пайда болу белгілері:

Программа дұрыс жұмыс істемейді немесе жұмысын тоқтатады.

Экранда бөгде символдар , хабарламалар шығады.

Компьютер баяу жұмыс істейді.

Кейбір файлдардың бұзылуы.

Компьютер жұмысындағы жиі тұрып қалулар және жаңылысулар.

Мекендеу ортасына қарай

Жұмыс логикасы және мақсатына қарай

Мақсатына қарай

Мекендеу ортасына қарай

Файлдық

Бұл қолданбалы программалардың ішіне енгізілген программалық кодалық блоктар. Вирустық кода Программа жүктелгенде жіберіледі.

Жүктейтін

Негізгі жүктейтін жазбаға немесе жүктейтін секторға вирус жұқтырады. Операциялық жүйе жүктелгенде жұқпалы тасушыдан вирус жұғады.

Макровирустар

Word құжаттары және Excel электрондық кестесі құжаттарына вирус жұқтырады. Жұғу құжат файлын ашқанда орындалады.

Жұмыс логикасы мен мақсатына қарай

Ұстауыш - вирустар

Логикалық бомбалар



Программалық құралдар кешеніндегі қателіктер мен дәлсіздіктерді пайдаланатын вирустар.

Троян аттары

Мақсатына қарай.

Бейсауат

Шантаж жасаушы

Насихатшы

Мағынасыз

Вирус жұққан компьютерлер

Осы вирустардан қорғауға арналған арнайы бағытты программаларға антивирустық программалар жатады.

Антивирустық программалар вирустарды табуға және жоюға арналған .

Детектор-

Программалар- тек бұрыннан белгілі вирус түрлерінен ғана қорғай алады, жаңа вирусқа олар дәрменсіз болып келеді.



Доктор-
Программалар- немесе **“фагтар”** вирус жұққан программалармен дискілерді “вирус” әсерін алып тастау,яғни “жұлып алу” арқылы емдеп – оларды бастапқы қалпына келтіреді.







Ревизор-

Программалар- да алдымен программалар мен дискінің жүйелік аймағы туралы мәліметтерді есіне сақтап, содан соң оны кейінгісімен салыстыра отырып сәйкессіздікті анықтаса, оны дереу программа иесіне хабарлайды.



Доктор-

Ревизорлар- доктор-программа мен ревизорлар арасынан шыққын гибрид. Бұлар тек файлдағы өзгерістерді, анықтап қана қоймай, оларды автоматты түрде “емдеп” бастапқы қалыпты жағдайға түзеп келтіреді.

Сүзгі-

Программалар- компьютердің оперативтік(жедел) жадында тұрақты (резиденттік) орналасады да, вирустардың зиянда әрекетіне әкелетін операцияны ұстап алып, бұл туралы жұмыс істеп отырған адамға дер кезінде хабарлап отырады.Одан әрі шешім қабылдау әркімнің өзіне байланысты болады.



Ревизорлар – Олардың міндеті программалардың. Каталогтардың компьютер вирус жұқтырмай тұрғандағы алғашқы күйін есте сақтау, содан кейін әлсін-әлсін оның ағымдағы күйін алғашқымен салыстырып отыру.Д.Мостов дайындаған прогамма-ревизор ADif жақсы танымал.





Полифагтар.Олардың қызметі-вирустарды табу ғана емес, оның кодасын жұқпалы (ауру жұққан) программадан жою.Өте кутты полиграф-сканер И. Данилов құрған **Dr. Web** (Doctor Web) болып табылады.Ол вирустарды жақса айырып таниды, бірақ оның базасында вирусқа қарсы күресетін құралдар басқа вирусқа қарсы программаларға қарағанда анағұрлым аз.Жалпыға әйгілі полифаг Е.Касперский зертханасы құрған **Kaspersky Anti-Virus** программасы вирусқа қарсы бірден-бір сенімді программа ретінде бүкіл әлемге әйгілі.



Жаңа білімді түсінгенін тексеру.

1. Вирустардан қорғайтын программа.
2. Вирустарды тауып қана қоймай, оның кодасын жұқпалы программадан жоятын программа?
3. Программаларды зақымдайтын шағын программа.
4. Программалық құралдар кешеніндегі қателіктерді пайдаланатын вирустар?
5. Компьютердің жедел жадында орналасқан, вирусқа қарсы программа?



Бүгінгі сабағымызды бекіту.

Тест тапсырмаларын шешу.

1	2	3	4	5
6	7	8	9	10

Іске сәт!

1.Өздігінен көбеюге қабілетті арнайы программалар?

- Компьютерлік вирустар
- Компьютерлік бомбалар
- Программалық вирустар

Жарайсың

дұрыс

Дұрыс емес



2.Ішінде вирус табылған программа?

- Емделетін
- Көрінбейтін
- Бүлінген

Жарайсың

дұрыс

Дұрыс емес

3.Мекендеу ортасына қарай вирустарды нешеге бөлуге болады?

- 5
- 3
- 2

Жарайсың

дұрыс

Дұрыс емес

4.Операциялық жүйе жүктелгенде жұқпалы тасушыдан жұғатын вирус?

- Файлдық
- Жүктейтін
- Макровирустар

Жарайсың

дұрыс

Дұрыс емес

5.Макровирустар....

- Жұғу құжат файлын ашқанда орындалады
- Операциялық жүйені жүктегенде жұғады
- Вирустық кода программа жүктелгенде жіберіледі

Жарайсың

дұрыс

Дұрыс емес

6.Жұмыс логикасына және мақсатына қарай?

- Логикалық бомбалар,құрттар,троян аттары,ұстауыш вирустар
- Бейсауат,насихатшы,мағынасыз,шантаж жасаушы
- Жүктейтін,макровирустар

Жарайсын

дұрыс

Дұрыс емес

7.Қазіргі кезде шамамен неше вирус түрлері бар?

- 15 000
- 10 000
- 25 000

Жарайсың

дұрыс

Дұрыс емес

8.Мақсатына қарай вирустар:

- Логикалық бомбалар,құрттар,троян аттары,ұстауыш вирустар
- Бейсауат,насихатшы,мағынасыз,шантаж жасаушы
- Жұқтейтін,макровирустар

Жарайсың

дұрыс

Дұрыс емес

9.Қарапайым қолданбалы программаларға еніп алып,соларға рұқсат етілмеген әрекеттерді орындайды.

- Троян аттары
- Құрттар
- Логикалық бомбалар

Жарайсың

дұрыс

Дұрыс емес

10.Программалық құралдар кешеніндегі қателіктер мен дәлсіздіктерді пайдаланатын вирустар?

- Троян аттары
- Ұстауыш-вирустар
- Логикалық бомбалар

Жарайсың

дұрыс

Дұрыс емес

Қорытынды.

Үйге тапсырма: Антивирустар

Осымен
“Антивирустар”
туралы сабағымыз
аяқталды.

Тыңдағандарыңызға рахмет.